

**Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1802. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.20. N 1573 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің саны шегінде 145 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігіне министрдің 4 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 11 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің орталық аппараты үшін 5 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 қыркүйектегі N 1053 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22

қыркүйектегі N 1053 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 9 қаңтардағы N 22 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 қыркүйектегі N 1053 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 маусымдағы N 784 қаулысы.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің  
1995 жылғы 19 желтоқсандағы  
N 1802 қаулысына  
Қосымша

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй  
және аумақтарда құрылыс салу министрлігі  
орталық аппаратының  
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Құрылыс, өнеркәсіптік құрылыс материалдары және тұрғын үй  
саясаты бас басқармасы

Сәулет, қала құрылысы және өнеркәсіптік-азаматтық ғимараттар бас  
басқармасы

<\*>

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бас басқармасы

<\*>

Ғылым, сыртқы байланыстар, техникалық нормалау және инвестиция  
бас басқармасы

Экономика және қаржы бас басқармасы

Сәулет-құрылыс бақылау басқармасы

<\*>

Құрылыстағы баға белгілеу мен сметалық нормаларды жетілдіру  
басқармасы

Іс басқармасы

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.

03.14. N 313 қаулысымен.